

Азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 15 тамыздағы № 328 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Кадр және тәрбие жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Кадр және тәрбие жұмысы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр генерал-майор

Ш. Әрінов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2025 жылғы 15 тамыздағы
№ 328 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Ескерту. Тізілімге өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.06.2026 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Буын	Деңгей	Лауазымдар атауы
А блогы (басқарушылық персонал)		
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ басшысы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың.
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ басшысының орынбасары: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың.
	1	Республикалық маңызы бар ММ филиалының басшысы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ бас бухгалтері, қаржы қызметінің бастығы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың.
		Республикалық маңызы бар ММ филиалы басшысының орынбасары:

1-1	Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының. Республикалық маңызы бар ММ бас бухгалтерінің орынбасары, қаржы қызметі бастығының орынбасары, бөлім басшысы, медициналық бөлігінің (бөлім құқығындағы), хатшылықтың (бөлім құқығындағы) басшысы: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының ; Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың. Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы бөлімшесінің, зертханасының (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі).
2	Астана, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ТЖД бөлімінің (жасақтың) басшысы.
2-1	Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы филиалы бөлімшесінің (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі). Республикалық маңызы бар ММ филиалының бөлім басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау. Астана, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ТЖД бөлім (жасақ)

		бастығының орынбасары, медициналық бөлігінің (бөлім құқығындағы) басшысы.
А-3	1	Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының бөлім құрамындағы бөлімшесінің не зертхананың (денсаулық сақтау саласында қызметтің негізгі түрі) басшысы (меңгерушісі). Республикалық маңызы бар ММ бөлімшесінің басшысы, медициналық бөлігінің (бөлімше құқығындағы), хатшылықтың (бөлімше құқығындағы) басшысы, бөлім басшысының орынбасары: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың.
	1-1	Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы дәріханасының меңгерушісі. Республикалық маңызы бар ММ бас: гидротехнигі, дирижері, инженері, инспекторы, механигі, жұмыс өндірушісі, экономисі, энергетигі: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының .
		Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар ТЖД бөлімшесінің, зертханасының басшысы (меңгерушісі), медициналық бөлігінің (бөлімше құқығындағы) басшысы. Республикалық маңызы бар ММ

	2	филиалының бөлім басшысының орынбасары, бөлімше басшысы (меңгерушісі): Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының.
	2-1	Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы филиалының дәріхана меңгерушісі. Бас: гидрологы, инженері, инспекторы, механигі, құтқарушысы, экономисі, энергетигі: 1) Республикалық маңызы бар ММ филиалының: Қазақстан Республикасы ТЖМ Қазселденқорғау; Қазақстан Республикасы ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының; 2) Қазақстан Республикасы ТЖМ Республикалық құтқару қызметі "Барыс"-тың; 3) Астана, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ТЖД.
В блогы (негізгі персонал)		
В1	1	Профессор.
	2	Бас сарапшы; жетекші ғылыми қызметкер; доцент.
	3	Жетекші сарапшы; аға ғылыми қызметкер; жоғары оқу орнының, оқу орталығының аға оқытушысы.
	4	Кеңесші; аға сарапшы; жоғары оқу орнының, оқу орталығының оқытушысы.
	5	Сарапшы; жоғары оқу орнының әдіскері.
"Денсаулық сақтау" саласында		
	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандары: барлық мамандықтағы дәрігерлер.

B2	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандары: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандары: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандары: барлық мамандықтағы дәрігерлер.
B3	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандары: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандары: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандары: зертханашы, медициналық бике (аға), провизор (фармацевт).
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандары: зертханашы, медициналық бике (аға), қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик), провизор (фармацевт).
B4	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты мамандары: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс техникі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты мамандары: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс техникі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
		Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты мамандары:

	3	акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандары: акушерка, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, емдеу дене шынықтыру нұсқаушысы, зертханашы, медициналық бике (аға), рентген зертханашысы, санитарлық фельдшер (санитарлық дәрігердің көмекшісі), фармацевт, фельдшер (-зертханашы).
	өзге де саладағы	
B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі);

B3		механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист.
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); солист; құтқарушы.
	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі);

		психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі).
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандары: тәрбиеші (қызметтің негізгі түрі); гидротехник (қызметтің негізгі түрі); инженер (қызметтің негізгі түрі); инспектор (қызметтің негізгі түрі); механик (қызметтің негізгі түрі); психолог (қызметтің негізгі түрі); жұмыс өндірушісі (қызметтің негізгі түрі); техник (қызметтің негізгі түрі); диспетчер (қызметтің негізгі түрі); құтқарушы.
С блогы (әкімшілік персонал)		
С1		ММ шаруашылық бөлімшелерінің басшысы (меңгерушісі): архивтің; монша-кір жуу кешенінің; бассейннің; кітапхананың; ветеринарлық дәріхананың; клубтың; автошаруашылық колоннасының; коммуналдық-пайдалану қызметінің; шеберхананың; музейдің; өндірістің; жөндеу-құрылыс тобының; асхананың; арнаулы медициналық жабдықтау қоймасының; т ы л д ы қ ж ә н е пайдалану-техникалық қамтамасыз ету қоймасының; техникалық бөлігінің; баспахананың; оқу кабинетінің; орталықтың (мәдени). Баспасөз-хатшысы.
		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: архивист, библиограф, кітапханашы, бухгалтер, мал дәрігері, дирижер, музыкалық жетекші, барлық

C2		мамандықтағы инженер, барлық мамандықтағы инспектор, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, шебер, менеджер, әдіскер, механик, аудармашы, бағдарламашы, оқытушы, психолог, редактор, референт, технолог, бапкер, хормейстер, музей қорын сақтаушы, суретші, штурман, экономист, энергетик, экскурсия жетекшісі, заңгер, заңгер консультант.
C3		Біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: архивист, кітапханашы, библиограф, бухгалтер, ветеринарлық фельдшер, дирижер, автомобильді тасымалдау диспетчері, барлық мамандықтағы инженер, барлық мамандықтағы инспектор, корректор, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, шебер, менеджер, механик, әдіскер, музыкалық жетекші, аудармашы, бағдарламашы, психолог, редактор, барлық мамандықтағы техник, технолог, бапкер, хормейстер, музей қорын сақтаушы, суретші, штурман, экономист, экскурсия жетекшісі, энергетик, заңгер консультант. ММ шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы (меңгерушісі): моншаның; монша-кір жуу шаруашылығының ; бюроның; кеңсенің; клубының; қазандықтың; кір жуудың; қойманың; шаруашылықтың; фотозертхананың.
D блогы (қосалқы персонал)		
		Техникалық орындаушылар: архивариус, әкімші, ассистент, рұқсаттама бюросының кезекшісі, іс жүргізуші, кезекші әкімші, диспетчер, комендант, бақылаушы , көшіруші, машинистка,

D	медициналық тіркеуші, нарядшы, күзетші, операторы: дезкамералық бөлімшенің, байланыс жүйесінің, кәріз-сорғы станциясының, көшірме және баспа машиналарының, компьютерлік техниканың, компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету бойынша, тіркеуші (өткізу бюросы), хатшы, есепке алушы, экспедитор.
---	--

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме;

ТЖМ – Төтенше жағдайлар министрлігі

ТЖД – Төтенше жағдайлар департаменттері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК